

Бухгалтер мамандығының болашағы бар ма?

«Бухгалтер» сөзі біздің сөздік қорымызға өткен ғасырдың ортасына қарай енді. Тарихи деректерге сүйенсек, кәсіптің бұл түрі шамамен бұдан 6 мың жыл бұрын ежелгі Египетте пайда болған деседі. Ол заманда есепшілер хатшы деп аталып, бухгалтерлік есеппен қатар салық жинаумен де айналысқан. Олар саудадан түскен пайданы, егіншіліктің құлдырауын есептеп, дворяндардың ақшаларын үнемдеумен шұғылданған. Олардың тәжірибесін алдымен Грекия, кейін Рим мұғалімдері пайдаланды. Римдік бухгалтерлер бухгалтерлік есепті жетілдіріп қана қоймай, заң аясында есеп-қисап жүргізумен айналысты. Қолма-қол ақшаны есепке алуды енгізіп, кейін бұл үрдіс Еуропа елдерінде кеңінен қолданыла бастады. Халықаралық бухгалтерлер ұйымы қабылдаған стандарттарға сәйкес, кәсіби бухгалтерлер қатарына бас бухгалтер, аудитор, қаржы директоры және салық жөніндегі кеңесшілер жатады. Ал, бухгалтерге ұқсас мамандықтар ретінде аудитор, банкир, салық есепшісі, еңбек және жалақы есепшісі, аудитор-бухгалтер, бағалаушы, қаржы менеджері, экономистер бар.

Бүгінгі таңда бухгалтер – сұранысқа ие экономикалық мамандықтардың бірі. Пайда мен шығынға қатысты барлық деректерді мұқият тексеріп, кірісті және жалақыны есептеп, салық қызметіндегі барлық мәселелерді шешеді. Көз келген жұмыс беруші бухгалтеріне белгілі бір міндеттер жүктейді. Себебі, олар жүздеген мың, тіпті миллиондаған теңгенің операцияларын жүргізіп, қаржылық есеп беру және басқа да шаруашылық құжаттарындағы кемшіліктерді, оларды жою жолдарын жақсы біледі. Бухгалтер болып

жұмыс істеу үлкен жауапкершілікті талап етеді. Кейде бұл оған өте қымбатқа түсуі мүмкін. Содан болар, бүгінгі еңбек нарығында бухгалтерлер үлкен сұранысқа ие. Жоғары оқу орындары жыл сайын көптеген мамандарды оқытып шығарғанымен, көптеген компаниялар мен кәсіпорындар біліктілігі жоғары есепшілермен жұмыс істегенді жөн көреді.

Бухгалтер қызметінің негізгі сапасы – бухгалтерлік және салықтық есепті жүргізу. Одан бөлек, ресурстардың тиімді пайдаланылуын, кәсіпорын мүлкінің сақталуын бақылайды. Оның жұмыс орнына байланысты міндеттері де өралуан. Әдетте, оны көбіне фирмалар мен кәсіпорындар талап етеді. Мәселен, кәсіпорында жұмыс істейтін бухгалтерлер салықты уақтылы және дұрыс төлеуге, мемлекеттік органдар мен серіктестік иелеріне есеп беруге, ұйымның клиенттерімен және серіктестерімен жұмысты жүйелі ұйымдастыруға, кәсіпорынның қаржылық жағдайын бақылауға міндетті. Егер ұйым шағын болса, онда ол жалғыз өзі жұмыс істеп, бүкіл жұмыс процесіне өзі жауап береді. Кәсіпорындарда олар әртүрлі салаларда, атап айтқанда, касса, негізгі қор, валюталық операциялар жүргізу, қоймаларда жұмыс істейді. Оған бас бухгалтер жауапты болады. Олардың саны кәсіпорынның немесе фирманың келеміне байланысты. Белімде жалақы есепшісі, салық есепшісі, кассир, түгендеу технигі, аудиторлар, заң кеңесшілері және тіпті бағдарламашылар сияқты бірнеше бухгалтер болуы мүмкін.

Бухгалтериядан сіз жұмысқа қажетті папкаларды; есептерді, бухгалтерлік кітаптарды және кеңсе



тауарларын таба аласыз. Бірақ, бухгалтердің ең маңызды құралы – дербес компьютер. Арнайы бағдарламаларда (мысалы, 1С бухгалтерия) ол есептеулер жүргізіп, барлық ақпаратты сақтап отырады. Сондықтан «Экономикадағы қолданбалы информатика» мамандығын бітірген мамандар қызметте жоғары бағаланады.

Бухгалтерия жұмысы бір жағынан жұмыс беруші тарапынан, екінші жағынан Қаржы министрлігінің қаулылары арқылы қатаң бақыланады. Респонденттердің көпшілігі есепші мамандығын біздің елде өте кең таралған деп санайды. Себебі, басқа мамандық өкілдеріне қарағанда, бухгалтерге сұраныс жоғары. Тағы бір айта кететін жайт, бухгалтер мамандығы бойынша жұмыс істеу үшін дипломның болуы аса маңызды. Олар үшін орта деңгейдегі кәсіптік білім алу жеткіліксіз.

Бухгалтер мамандығы шығармашылық немесе интеллектуалдық еңбекке негізделген мамандықтардың қатарына жатады. Олар үшін еңбек процесінде сенсорлық жүйелердің белсенділігі, есте сақтау, ойлау мен эмоционалдық сфераны белсенді пайдалану өте маңызды. Бухгалтер басқа кәсіп иелерінен аналитикалық ойлау қабілетімен ерекшеленуі тиіс.

Есепшінің мансабы үнемі перспективаларға толы келеді. Үлестің ең айқын жолы – бас есепші лауазымы. Егер ол жұмыста білікті маман ретінде танылса, кәсіптің шегінен шығып, аудитор немесе қаржылық директор лауазымын иеленуге мүмкіндігі мол. Сондықтан азаматтардың көпшілігі алдымен есепші мамандығына оқуға барады, ал, оны игергеннен кейін екінші жоғары білім алады. Қарапайым маман алдына үлкен мақсат қойса, оның бұл салада басшылық қызмет атқаруы әбден мүмкін.

Есепшіге жауапкершілік, ұйымшылдық, ұқыптылық, жоғары интеллектуалдық енімділік, дамыған логикалық жады, зейіннің жоғары шоғырлануы және шұға қарсы иммунитет, абстрактілі символдық ойлаудың жоғары деңгейі, компьютерлік сауаттылық сияқты жеке қасиеттер ауадай қажет. Бір сезбен айтқанда, есепші – бұл таптырмас маман, онсыз бірде-бір кәсіпорын жұмысын ілгері дамыта алмайды. Демек, бухгалтер мамандығының болашағы зор деп батыл айтуға болады.

**Бақытжан СӘТЕНОВ,
М.Әуезов атындағы
ОҚУ-дың «Есеп және аудит»
кафедрасының доценті,
экономика ғылымдарының
кандидаты.**